

С.Ш. Мамбетова, А.С. Ахметова, З.А. Ескерова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: ahmetova.2017.86@mail.ru)*

Қазақстандағы мемлекеттік-жеке серіктестік жобаларының тәжірибесі мен оның даму әлеуетін талдау

Мақалада мемлекеттік-жеке серіктестік аясында жүзеге асырылған жобаларды талдау барысында неғұрлым артықшылыққа ие болған модель ретінде ДСҰ моделінің жалпы сипаттамасы қарастырылған. Алғашқы концессиялық жобаларды іске асыруда бастапқыда осы модель таңдалып алынғандықтан әрі тиімді жүзеге асқандықтан, бұл модельге талдау жасалынған. Сонымен бірге ДСҰ-ның жеке компания, жергілікті атқару органы секілді келісімшарттары берілген. Білім беру саласында, мектептер мен балабақшалар құрылысы жобаларын жүзеге асыруда концессияның ЖСҰ моделі талданған. Осыған орай, ЖСҰ моделін қолдану барысында балабақша мен мектеп жобаларын жүзеге асыруда концеденттің инвестициялық, нысанды пайдалану шығындарын өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындау тәуекелінің туындау шарты сараланған. Қазіргі таңда Қазақстандағы маңыздылығы мен қажеттілігі бұрыннан туындаған ірі концессиялық жобаларды іске асыру қадамдары дәлелденген. «Мемлекеттік-жеке серіктестік туралы» 2015 ж. жаңа ҚР Заңның қабылдануын Қазақстанда мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасына жаңа серпіндік талдау жасалған. Сонымен қатар балабақша құрылысы және пайдалану МЖС жобасын жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау саласында ЖСҰ моделі сумен қамтамасыз ету саласында жобаны жүзеге асыруда осы модельдерге толықтай талдау жасалды.

Кілт сөздер: жеке серіктестік, мемлекеттік-жеке серіктестік, келісімшарт, жобалар, серіктестік жобалар, инвестиция, концессия.

Қазақстанда қазіргі таңда МЖС-ның әлемдік тәжірибесін еліміздің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, бейімдеу үшін мемлекет пен жеке бизнес капиталының өзара әрекетінің тиімді сызбалары құрастырылып әрі жетілдіріліп келеді.

Қазақстанда мемлекет пен жеке сектор серіктестігінің ең кең тараған және әрі танымал түрі концессия қолданысқа ие. Концессия құралының Қазақстанда алғаш пайдаланылуы 2005 ж. басталды, сол жылы «Шар-Өскемен станциясы жаңа теміржол желісінің құрылысы мен пайдалануға берілуі» жобасын жүзеге асыру бойынша алғашқы концессиялық шарт жасалды. Жоба бойынша концессионер ретінде «Досжан темір жолы» АҚ танылды.

«Шар-Өскемен станциясы» жаңа теміржол желісінің құрылысы мен пайдалануға берілуі» концессиялық жобасының жүзеге асырылуын егжей-тегжейлі талдаса, оның оң және теріс жақтарын анықтауға болады. «Шар-Өскемен станциясы» жаңа теміржол желісінің құрылысы мен пайдаланылуы бойынша алғашқы концессиялық жобаны жүзеге асыру ҚР көлік инфрақұрылымындағы бірнеше тар орындарды кеңейтуге мүмкіндік берді. Ірі кен Алтай теміржол торабын қысқа жолмен «Түрксиб» магистралімен Шар станциясы аумағында байланыстырып, Шығыс Қазақстанның елдің басқа аумақтарына шығуын қамтамасыз етті. Жобаның жүзеге асуы тасымал алыстығын, бұрынғыға қарағанда, оңтүстік бағытта 328 шақырымға, ал батыстан 92 шақырымға азайтты және екі кеден бақылауы мен Ресей аумағы арқылы жүру қажеттілігін жойды. Жолаушылар мен жүктерді жеткізу 12–14 сағатқа жылдамдатылды. Бұл жобаның жолаушылар тасымалы көлемінің өсуі сияқты әлеуметтік тиімділігі де зор.

Жобаны жүзеге асыру, сөзсіз, ел инфрақұрылымы мен оның экономикалық әлеуетінің дамуына жағымды әсер етті, бірақ жүзеге асыру үрдісінің өзі көп қиыншылыққа тап болды. Жоба бағасы бірнеше рет өзгеріп отырды, ал қолданылып отырған қаржыландыру тетігі тиімсіз болып, бірнеше рет өзгерді. Бастапқыда, «Досжан теміржолы» облигациялары бойынша мемлекеттік кепілдік тек құрылыс жасау мерзіміне ғана берілді. Нәтижесінде, облигация ұстаушылар дефолт тәуекелінен қорғалмаған болды, бұл жоба шеңберінде шығарылған облигациялардың тартымдылығын төмендетті. Тек 2007 ж. бастап, келісімшартқа қол қойылғаннан екі жыл өткен соң, үкімет концессионердің облигациялық займдары бойынша концессия мерзімі аяқталғанға дейін (2028 ж. дейін) шарттарды өзгертті [1].

Жалпы тізбесі жарияланған концессиялық жобалар саны бастапқыда алты жобаны құрады. Алайда жобалардың тек үшеуі ғана жүзеге асырылу сатысына жетті (кестені қара.). Ендеше төменде бұл жобалардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырып өтейік.


К е с т е

Қазірге дейін жүзеге асырылған жобалар

Жоба жөнінде қысқаша мәлімет
<p>«Шар — Өскемен» станциясы жаңа теміржол желісінің құрылысы мен пайдалануға берілуі» жобасы. Жобаны жүзеге асырудың мақсаты — жаңа көліктік бағыттың қалыптасуы, оңтүстік және батыс бағытта алшақтықты азайту, жүк тасымалын 12–14 сағатқа азайту.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Тапсырыс беруші — ҚР Көлік және коммуникация министрлігі. – Жеке серіктес — «Досжан темір жолы» АҚ. – Жоба құны 24 479, 73 млн тг. – Келісімшарт мерзімі — 2005–2028 жж. – Мемлекеттік қолдау: инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекеттік қолдау; кепілгерлік келісімі: нысан құны (21427 млн тг), объект құрылысы кезінде шығарылған, инфрақұрылымдық облигацияның айналым мерзімінде есептелген сыйақы. – Қаржыландыру көзі: Акционерлік капитал — 11861 млн тг (14,3 %); концессионердің инфрақұрылымдық облигацияларды шығарғандағы қаражаты — 25434,0 млн тг (85,7 %)
<p>«Солтүстік Қазақстан — Ақтөбе облысы аралығындағы электр тасымалдау желісінің құрылысы» жобасы. Жобаны жүзеге асырудың мақсаты — Ақтөбе облысында электр энергиясы жетіспеушілігін жабу үшін қуаты 220 және 500 кВт, қашықтығы 487 км болатын электр желісінің құрылысы.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Тапсырыс беруші — «Мехэнергострой» ЖШС, «КЕГОК» АҚ, ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі. – Жеке серіктес — «Батыс Транзит» АҚ. – Жоба құны — 19 868, 6 млн тг. – Жол қашықтығы — 487 км; 500 МВт. – Келісімшарт мерзімі — 2005–2022 жж. – Мемлекеттік қолдау: 100 % мемлекеттік кепілгерлік. – Қаржыландыру көзі: сомасы 18,8 млрд тг болатын инфрақұрылымдық облигация шығарылды. Еуразиялық даму банкінен (ЕАБР) \$30,5 млн қарыздық қаражат тартылды
<p>«Халықаралық Ақтау әуежайындағы жолаушылар терминалы» жобасы. Жобаны жүзеге асырудың мақсаты ҚР-ның 2003–2015 жж. арналған индустриалды-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес 2007 ж. Маңғыстау облысының инфрақұрылымын дамыту.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Жоба мерзімі, құрылыс мерзімі: 2008–2009 жж., пайдалану мерзімі: 28 жыл 11 ай, жалпы: 30 жыл. – Концессионер — «Atm Grup Uluslararası Havalimani Yapım Yatırım Ve İşletme Ltd.Sti» компаниясы. – Жоба құны: 4092,75 млн тг. – Мемлекеттік қолдау: концессия келісімшартында арнайы мемлекеттік қолдау қарастырылмаған. Дегенмен концессионер мемлекеттік қолдауға сенім арта алады. – Қаржыландыру көзі: жобаны қаржыландыру концессионер есебінен жүргізіледі

Ескерту. [2] деректері негізінде құрастырған.

Білім беру саласында және мектепке дейін білім беруде негізгі екпін аталған нысандарды қалпына келтіру жұмыстарына не жаңасын тұрғызуға жасалуы тиіс және осы тұста ЖСҰ моделінің негізгі таңдалу себебі болып инвесторлар мүддесін қорғаудың жоғарылығы табылады. Төмендегі 1-суретте мектеп және балабақша құрылысы (қалпына келтіру, жөндеу) МЖС жобаларын жүзеге асырудың ЖСҰ моделінің институционалдық сызбасы келтірілген [3].



Ескерту. Авторлармен құрастырылған.

1-сурет. Балабақша құрылысы (қалпына келтіру) және пайдалану МЖС жобасын жүзеге асыру үшін ЖСҰ моделінің институционалдық сызбасы

Мемлекеттік-жеке серіктестік аясында жүзеге асырылған жобаларды талдау барысында неғұрлым артықшылыққа ие болған модель ретінде ДСҰ моделін танымыз. Оның себебі ретінде алғашқы концессиялық жобаларды іске асыруда бастапқыда осы модель таңдалып алынғандықтан, әрі тиімді жүзеге асқандықтан деп білеміз. Одан өзге бұл модель бүгінде мемлекеттік бюджеттің жеткіліксіз қаржыландырылуы жағдайында жеке инвесторларды тартудың неғұрлым тиімді әдісі ретінде танылып отыр.

Жалпы, ДСҰ келісімшарты мыналарды көздейді:

– жеке компания: құрылыс нысанын жобалайды, қаржыландырады, салады және қалпына келтіреді (жөндейді) және одан соң аталған объектіні мемлекет меншігіне табыстайды; жобаның мерзімі аяқталғанға дейін белгілі бір тәуекелдерді өзіне жүктей отырып жаңа объектіні қолданады және иеленеді; келісімде белгіленген мерзім (отыз жылға дейін) аяқталған сәтте объектіні тиісті жай күйінде жергілікті атқару органына табыстайды; егер концессиялық келісімде көрсетілсе, халықтан тариф алымын жүзеге асырады; мемлекет тарапынан қолдау көрсету шараларына ие болады, мысалы, концессиялық жобаны бірлесе қаржыландыру, инвестициялау не объектіні пайдалану шығындарын өтеу;

– жергілікті атқару органы: жобаның қажеттіліктеріне жеке компанияға уақытша жерді иелену үшін жер учаскелерін ұсынады; ҚР Заңына сай лицензия, рұқсат алу шараларына жәрдемдеседі; концессиялық сұрақтар бойынша ҚР Заңы аясында мемлекеттік қолдау шараларын ұсынады [4].

Аталған келісімшарт түрінің негізгі міндетті шарты болып белгілі уақыт мерзімінде компанияның жүргізген барлық инвестицияларын жабу не инвестициялар түсімінің қайтарылуын қамтамасыз ету болып табылады. Ал инвестициялар мен түсімнің қайтарылуы кәсіпорын өндіретін өнімді сату не қызмет көрсету арқылы жүзеге асады. Объектіні пайдалану кезінде оған қызмет көрсету концессионердің бұл қызметті арнайы қызмет көрсету компаниясына табыстау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Әлеуметтік саладағы, атап айтқанда, білім беру саласында, мектептер мен балабақшалар құрылысы (қалпына келтіру, жөндеу) жобаларын жүзеге асыруда концессияның жоғарыда аталған ЖСҰ моделі кең қолданысқа ие. Осы тұста ЖСҰ моделін қолдану барысында балабақша мен мектеп жобаларын жүзеге асыруда концеденттің инвестициялық, объектіні пайдалану шығындарын өтеу


жөніндегі міндеттемелерін орындамау тәуекелінің туындау шартын ескерген жөн. Ал ЖСҰ моделін (концессионердің борыштық міндеттемелер бойынша кепілдікті қамтамасыз ету үшін концессия объектісін қолдану құқығын иелену) қолдану концессионерге форс-мажор жағдайында белгілі бір қаржылық қорғауды иеленуіне мүмкіндік береді. ЖСҰ моделі бойынша, келісім мерзімі аяқталу сәтінде объект мемлекет меншігіне беріледі. Келтірілген институционалдық сызбаға сай концессионер балабақша құрылысы үшін қарыздық не өз қаражатын тартады. Концессионер мен концедент (облыс әкімдігі түріндегі) концессия келісіміне қол қояды.

Аталған жобаларда тараптардың міндеттемелері мен құқықтары келесідей үлестіріледі: концессионер объектінің құрылысы, одан соң оны пайдалану және объектіге қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Сонымен қатар концессионер балаларға қарау тәрбие беру және тамақтандыру қызметін ұсынады. Өз кезегінде, концессионер ата-аналардан ақы алады, одан өзге қосымша ақылы қызмет көрсете алады.

Концедент балаларға көрсетілген қызмет сапасын қадағалауды жүргізеді. Сонымен қатар концедент концессиялық келісімдегі шартқа сай концессионерге инвестициялық шығындарды өтеуді қамтамасыз етеді (концессионерді мемлекеттік қолдау шарасы ретінде).

Аталған келісімде мемлекеттік қолдау шарасы болып қызметті қолдануға кепілдеме не заттай грант табылады, концессионердің шығындарын өтеу көзі болып пайдалану шығындарын өтеу табылады, ал инвестициялық шығындарды өтеу концессия объектісін мемлекеттік меншікке табыстаған соң төленеді. Концессионер түсімді объектіні қолданушылар не қызметті тұтынушылардан ақы алу арқылы жүзеге асырады.

Денсаулық сақтау саласында МЖС жобаларын жүзеге асыруда ұсынылатын әрі елімізде қолданысқа ие модель болып ЖСҰ моделі табылады. Денсаулық сақтау саласында ЖСҰ моделін қолданудың институционалдық сызбасы 2-суретте келтірілген.




Ескерту. Авторлармен құрастырылған.

2-сурет. Денсаулық сақтау саласында ЖСҰ моделі бойынша жобаның институционалдық сызбасы

Келтірілген институционалдық сызбаға сай концессионер аурухананы өз қаражатына (қарыздық қаражатты қоса алғанда) салады, содан соң оны мемлекет меншігіне табыстайды, ары қарай аурухананы пайдалану не оның қызметін қамтамасыз етеді, медициналық не медициналық емес қызмет көрсетеді. Осыған байланысты көрсетілетін медициналық қызмет сапасына деген жауапкершілік концессионерге жүктеледі, яғни өз кезегінде концессионер аурухананы тиісінше кадрлармен қамтамасыз ету құқығын иеленеді. Алайда егер концессионер шетел компаниясы болған жағдайда, оған қазақстандық қамтамасыз ету заңнамасын сақтауға тура келеді.

МЖС тетігін тұрғын-үй шаруашылығы секторында, оның ішінде сумен қамтамасыз ету саласында концессиялық жобаны жүзеге асыруда инвесторлар үшін неғұрлым тартымды болып келетін модель болып тағы да ЖСҰ моделі табылады. Сумен қамтамасыз ету саласында жобаларды жүзеге асыруда ЖСҰ моделінің институционалдық сызбасы 3-суретте келтірілген.



Ескерту. [5] негізінде авторлармен құрастырылған.

3-сурет. Сумен қамтамасыз ету саласында жобаны жүзеге асыруда ЖСҰ моделін қолданудың институционалдық сызбасы

Сумен қамтамасыз ету тарифінің құнын төмендету мақсатында, сонымен қатар инвесторлар мен олардың кредиторларын инвестициялық тәуекелдерден қорғау үшін және бюджеттен төлемдерді оңтайландыру үшін ЖСҰ моделінің сызбасын Қазақстан жағдайына бейімдеу қажет. Осы сызба аясында концессионердің инвестициялық шығындарын өтеуін мемлекеттік қолдау көрсету шарасы ретінде мемлекеттік бюджеттен жүргізу, ал нысанды пайдалану мен табысты алуды тарифтер есебінен жүргізу белгіленеді.

Белгілі бір мәселелердің болуына қарамастан, МЖС тетігін сумен қамтамасыз ету саласында қолдану заманауи технологияларды, басқарудың әлемдік тәжірибесін алуды қамтамасыз етеді.

Осылайша, Қазақстанда жүзеге асырылуы көзделетін инфрақұрылымдық нысандардың құрылысы мен әлеуметтік сала объектілерінің құрылысында неғұрлым артықшылық концессияның ЖСҰ моделіне беріліп отырғанын аңғардық.

Қазақстанда мемлекет пен жеке сектор серіктестігін инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруда қолданылуы мүмкін модельдердің артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Әлеуетті қолданылуы мүмкін модельдер келесідей:

1. Салу пайдалану (Build-Operate).
2. Жобалау салу (Design-Build).
3. Жобалау салу-пайдалану (Design-Build-Operate).
4. Жобалау салу-пайдалану (қосымша объектілерді салу) (Design-Build-Operate+ad.infr.).
5. Жалға алу сатып алу (Lease-Purchase).
6. Нысанды жеке секторға табыстау (Divestiture).
7. Жалға алу жобалау салу пайдалану (Lease-Design-Build-Operate).
8. Салу меншікке беру пайдалану (Build-Transfer-Operate).
9. Жобалау салу иелену (Design-Build-Operate).
10. Жобалау салу иелену пайдалану (Design-Build-Own-Operate).

Маңызды фактор болып жобалық қаржыландыру әлеуеті табылады, оның астарында ірі жобаларды жүзеге асыру кезінде салынған қаражатты қайтару мен кредитті қамтамасыз етудің көзі

болып жобаның өзінен алынатын ақша қаражаттары екенін түсіну қажет. Сонымен қатар серіктестік барысында мемлекеттік қолдау мен кепілдеме беру келесі маңызды фактор болып табылады.

Жобаларды жүзеге асыруда МЖС тетігін құқықтық қамтамасыз етудің маңыздылығы жоғары. Көптеген сарапшылардың пікірінше, мемлекет пен жеке сектордың құқықтық нысаны келесі екі талапқа жауап беруі тиіс: инвесторлар үшін тартымдылық пен қаржыны салудың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс. Осы арқылы жобаның негізгі мақсатын жүзеге асыру — бұл дегеніміз мемлекет үшін стратегиялық маңызды жобаларды іске асыру.

Қазіргі таңда Қазақстанда маңыздылығы мен қажеттілігі бұрыннан туындаған ірі концессиялық жобаларды жүзеге асыру қадамдары белсенді жүргізіліп жатыр. Айта кететіні, бұл жобаларды мемлекеттің іске асыру әрекеті бұрыннан басталған болатын. Алайда заңнамадағы кемшіліктер мен карама-қайшылықтар, реттеудің анықсыздығы, сонымен қатар әлемдік тәжірибеге сәйкессіздігі сынды кедергілердің орын алуы себепті олардың жүзеге асырылу қарқыны баяу жүргізілді және кәсіпкерлік құрылымдардың мемлекетпен серіктес болуға деген қызығушылығын төмендетті. Дегенмен, мемлекеттік-жеке серіктестік туралы 2015 ж. жаңа заңның қабылдануымен Қазақстанда мемлекет пен жеке бизнестің қарым-қатынасы жаңа серпін алды.

Біздің ойымызша, негізгі себептің бірі — бұл мемлекет пен бизнес арасында зор сенім тапшылығы. Жеке бизнестің атқару органдарына сенімсіздігі тәжірибеде кейбір жобаларды жүзеге асыруда мемлекеттің, муниципалдық басқару органдарының жауапкершілік тетігінің әлі де болса нақты белгіленбеуімен түсіндіріледі. Әлемдік тәжірибеге сәйкес, шартты бұзу не тоқтату жағдайында мемлекеттік құрылымдар жеке серіктеске мұндай тәуекелдердің туындауы сәтінде өтемақыға кепілдеме беруі тиіс.

Мемлекеттік-жеке серіктестік тетігінің дамуын іс-қимылдың бірыңғай даму бағдарламасының болмауы, яғни мемлекет пен жеке сектордың байланысын реттейтін орталықтардың көп болуы тежейді. МЖС институционалдық ортасының құраушыларын талдау барысында Қазақстан МЖС дамуын басқарудың орталықтандырылмаған моделін таңдағанын көреміз, себебі арнайы орталық ұйымның болмауы, ал реттеуші қызметтер Үкімет пен министрліктер мен оларды өкілдіктерінің арасында бөлінгендігі осыған айғақ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кудайбергенова З.У. Метод концессионного развития транспортной отрасли РК — основа государственно-частного партнерства [Электрондық ресурс] / З.У. Кудайбергенова // КазККА хабаршысы. — 2010. — № 4(65). — С. 163, 164. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.elibrary.kz>.
- 2 Закон Республики Казахстан «О проектном финансировании и секьюритизации» от 20 февраля 2006 года № 126 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://adilet.zan.kz>.
- 3 Отарбаев Г. Пенитенциарная система выполняет серьезную работу в рамках «100 шагов» от 15 января 2016 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.zakon.kz/4769043-penitenciarная-sistema-vypolnjaet.html>
- 4 Закон Республики Казахстан «О государственно-частном партнерстве» от 31 октября 2015 г. № 379-V [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37704720
- 5 Местным исполнительным органам по эффективной реализации проектов ГЧП. Президент РК Н.Назарбаев в ходе заседания Правительства от 18 ноября 2015 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://kzppr.kz/>.

С.Ш. Мамбетова, А.С. Ахметова, З.А. Ескерова

Опыт проектов государственно-частного партнерства в Казахстане и его потенциал развития

В статье проанализированы общие характеристики модели ВТО как наиболее выгодной модели при анализе проектов, реализуемых в рамках партнерских связей между государственным и частным секторами. Первые проекты концессий были первоначально смоделированы по этой модели из-за того, что она была выбрана и реализована эффективно. В то же время ВТО также имеет контракты, такие как частная компания, местный исполнительный орган. В области образования модель концессии и модель ВТО были проанализированы при реализации проектов строительства школ и детских садов. В этой связи использование модели ОЗО является предпосылкой возникновения риска концессионера, выполняющего его обязательство покрывать расходы на инвестиции по строительству и эксплуатации детских садов и школьных проектов. В настоящее время доказана важность

и необходимость реализации масштабных концессионных проектов в Казахстане. В 2015 г. был принят новый Закон РК «О государственно-частном партнерстве», тем самым дан новый импульс взаимоотношениям между государством и бизнесом в Казахстане. Кроме того, была проанализирована модель ВТО для реализации проекта ГЧП по строительству и эксплуатации детского сада, модели ВТО в области здравоохранения и в проекте водоснабжения.

Ключевые слова: частное партнерство, государственно-частное партнерство, договор, проекты, партнерские проекты, инвестиция, концессия.

S.Sh. Mambetova, A.S. Akhmetova, Z.A. Yeskerova

Analysis of the experience of public-private partnership projects in Kazakhstan and its development potential

In general, the general characteristics of WTO models are analyzed in the analysis of projections realized in the frames of partner relations in the state and private sectors. The first projects of the Concession were first modeled by this model, and this model was vybrana and realistically effective. In either case, the VTO also has a contract, such as a private company, a local authority. In the modeling of the Model of Concession and Model of BOT, the project was studied during the construction of the school and the children 's bays. In this connection, the model will be used as a precedent for the recovery of the concessionaire, which will cover the expense of investing, exploiting the plant for the production of children's orphanages and school projects. At the present time, the importance and indifference of large-scale concession projects in Kazakhstan. In 2015, the new law on state-private partnerships, the new impulse of the state and business in Kazakhstan. As a result, the BOT model has been evaluated for the GHC project for the construction and operation of children's nursing bottles, the BOT in the area of healthcare and in the project water supply.

Keywords: private partnership, state-of-the-art partnership, contract, project, partner projects, investment, concession.

References

- 1 Kudaibergenova, Z.U. (2010). Metod kontsessionnoho razvitiia transportnoi otrasli RK — osnova hosudarstvennohohastnoho partnerstva [The method of concession development of the transport industry of Kazakhstan is the basis of public-private partnership]. *Oazaq kólik zhane kommunikatsiia akademiiasy habarshysy — Bulletin of the Kazakh Academy of Transport and Communications*, 4 (65), 163, 164 www.elibrary.kz [in Russian].
- 2 Zakon Respubliki Kazakhstan «O proektnom finansirovanii i sekiurizatsii» ot 20 fevralia 2006 hoda No. 126 [On project financing and securitization dated February 20, 2006 No. 126]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz> [in Russian].
- 3 Otarbaev, G. (2016). Penitentsiarnaia sistema vypolniaet sereznuuu rabotu v ramkakh «100 shahov» ot 15 yanvaria 2016 h. [The penitentiary system performs serious work in the framework of the «100 steps» of February 20, 2006, No. 126]. *zakon.kz*. Retrieved from <http://www.zakon.kz/4769043-penitentsiarnaja-sistema-vypolnjaet.html> [in Russian].
- 4 Zakon Respubliki Kazakhstan «O hosudarstvenno-chastnom partnerstve» ot 31 oktiabria 2015 h. No. 379-V [Law of the Republic of Kazakhstan «On Public-Private Partnership» dated October 31, 2015 No. 379-V]. *online.zakon.kz*. Retrieved from http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37704720 [in Russian].
- 5 Mestnym ispolnitelnyvm orhanam po effektivnoi realizatsii proektov HChP. Prezident RK N.Nazarbaev v khode zasedaniia Pravitelstva ot 18 noiabria 2015 h. [Local executive bodies for effective implementation of PPP projects. President N.Nazarbayev of the Republic of Kazakhstan at a government meeting on November, 18, 2015]. *kzppp.kz*. Retrieved from <http://kzppp.kz/> [in Russian].